Тәрбиешілермен жүргізілетін жұмыстың мақсаты:

Балалардың сөйлеу тілінің дамуындағы қиындықтардың алдын алу және оларды түзету міндеттерін шешуде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мамандарын ақпараттық-консультациялық қолдау, әдістемелік көмек көрсету.

Мамандарымен жүргізілетін жұмыстың міндеттері:

- Балалардың дамуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру процесінде бірыңғай тәсілдерді анықтау;
- Сөйлеу тілі бұзылыстары, олардың себептері мен салдары және түзету жұмыстарының мазмұны бойынша мамандарды ақпараттандыру;
- Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеуде кездесетін қиындықтар бойынша мамандарға кеңес беру, шешу жолдарын ұсыну;
- Мамандарға білім алуда ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілерді оқу процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау (сөйлеу тілінің дамуы және сөйлеу дағдыларының қалыптасуы) бойынша кеңес беру.
- Сөйлеу бұзылыстарының алдын алу бойынша мектепке дейінгі білім беру мекемесі мамандарының қызметін оңтайландыру.

№	Іс – шаралар	Өткізу түрі	Уақыты	Жауапты
1	Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалалрдың тәрбиешілермен әңгіме жүргізу. Бала туралы мағлұмат жинақтау	Сауалнама жүргізу	Қыркүйек	Логопед
2	Логопедиялық диагностика қорытындыларымен топ тәрбиешілерін таныстыру. Әрбір жас тобында кездесетін сөйлеу тілі бұзылыстарының түрлері бойынша ақпарат беру.	Сөйлеу карталарымен таныстыру	Қыркүйек	Логопед
3	Тәрбиешілерге кеңес беру	Кеңес беру	Жыл бойы	Логопед

4	«Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды балабақшаға жылдам әрі оңай бейімдеу»	Баяндама	Қазан	Логопед
5	«Балалардың естіп қабылдауын дамытуға арналған ойын әдіс-тәсілдері»	Семинар-практикум	Қараша	Логопед
6	«Мнемотехика арқылы ЖСТД балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту»	Семинар практикум	Желтоқсан	Логопед
7	Тәрбиешілерге балалардың сөйлеу тілін ұйымдастырылған іс-әрекетте дамыту бойынша үлестірмелі материалдар даярлау: - Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу тілін түзету; - Тыныс алу жаттығулар арқылы сөйлеу тілін түзету; - Нейро жаттығулар арқылы сөйлеу тілін түзету; - Саусақ жаттығулар арқылы сөйлеу тілін түзету;	Үлестірмелі материалдар	Қаңтар	Логопед
8	«Дыбыс айтуында бұзылысы бар балалардың дыбыс айтуын ұйымдастырылған іс-әрекетте дағдыландыру»	Баяндама	Наурыз	Логопед
9	Мамандармен бірге сөйлеу тілінде бұзылыстары бар тәрбиеленушілердің сөйлеу тілінің деңгейін зерделеу	Зерделеу	Жыл бойы	Логопед
10	Жыл бойы жасалған жұмысты қорытындылау	Есеп беру	Мамыр	Логопед

Педагог-логопед: А.Х. Бишекова